

Қызғалдақ бөбекжай-бақшасы

Квест ойыны *«Күз мезгілі»*



«Балдәурен» ортаңғы тобы

*Тәрбиешілер: Нарынбаева Д.
Бекенова А.*

2024 ж.

"Күз мезгілі"

Квест – орта топтағы балаларға арналған ойын

Топ: «Балдәурен» ортаңғы тобы

Міндеті: Күз мезгілінің қызықты сәттерімен таныстыру, тапсырмалар орындату.

Көрнекіліктер: тапсырмалары бар конверттер, сурет бөліктері, жемістер мен көкөністер

Ойын барысы:

Тәрбиеші: - Сәлеметсіздер ме балалар! Бүгін біз жылдың ең әдемі мезгілі күз екенін дәлелдейікші. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз! Күзде не болады?

Балалар: Жапырақтар сарғайып, қызылға айналады, салқын жел соғады, жапырақтар құлайды, жаңбыр жауады, бақшалар мен бақшаларда егін жиналады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, жануарлар қысқы ұйқыға дайындалады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, сендер күз туралы бәрін білесіңдер.

(Тәрбиеші кіреберістің алдынан қызыл конвертті тауып алады)

Тәрбиеші: Балалар қараңыздаршы бұл конверттің түсі қандай?

Қызыл.

Ішінде тапсырма жазылған қанекей оқиықшы.

1- Тапсырма. "Күзгі белгілер" сұрақ-жауап ойыны

Күздің белгілерін атасам, бірге "иә" деп айт. Егер белгілер жылдың басқа мезгіліне қатысты болса, бірге "жоқ" деп айтыңыз. Дайынсыз ба? (Иә)

Дұрыс жауап беріңіз:

Саңырауқұлақтар күзде өсе ме? (иә).

Бұлттар күнді жауып тұр ма? (иә).

Жаңбыр жауады ма? (иә).

Күзде қар жауа ма (жоқ)

Барлығы егін жинап жатыр ма? (иә).

Күзде біз бассейнге суға түсеміз бе? (жоқ)

Құстар үйірі ұшып кете ме? (иә).

Күн ыссы болама күзде (жоқ)

Ал, не істеу керек? Пиджак, қалпақ кию керек пе? (иә).

Барлығына етік кию керек пе? (иә).

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Күздің белгілерін білесіздер, әрі қарай жүрейік. Балалар көк түсті конвертті іздеп табайықшы. Оның ішінде жеміс жасырылған екен қандай екенін айтайық.

2- тапсырма. "Жемістердің дәмін сез"

Тәрбиеші: - Енді жемістерді жеп көріп дәмін сезейік балалар. Балалардың көзін байлап ыдыста салынған жемістерді жегізіп дәмін сездіріп атауын айтқызу керек.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар тапсырманы орындадыңдар. Әрі қарай жүрейік. Балалар тағы тапсырмасы бар конвертті тауып алайықшы. Оның түсі қандай екен. **Жасыл**

3- тапсырма. «Күзгі композиция»

Тәрбиеші: Балалар үстел үстінде берілген суреттерге жапырақтардан композиция жасаймыз.

Ал балалар келесі конверт қайда жасырылған екен. Аю қасынан табылды я оның ішінде конверт түсі қандай екен. **Сары**

4-тапсырма. "Жемістер ман көкөністер қайда өседі"

Тәрбиеші: Балалар жемістер мен көкөністерді айырып қайда өсетінін айтып орнына қояды.

Ал балалар келесі конверт қайда жасырылған екен. Аю қасынан табылды я оның ішінде конверт түсі қандай екен. **Көк**

5-тапсырма. «Тортты безендіру»

Екі команда балалары тортты әдемі қылып безендіреді.

Ал ендеше балалар біз әнімізді айтайықшы.

Тәрбиеші: Сонымен біз барлық тапсырмаларды орындадық.

Ой, балалар, бізге кім келетінін қараңдаршы.

Күз: "Балалар, сендер мені қуанттыңдар, барлығын орындап білгендерің үшін міне сендерге меннен күзгі қазынам. Бірақ балалар бұл алтын сандықтың кілті жоқ екен соны бірге іздейікші.

Жарайсыңдар балалар тауып алыпсыңдар.

Сендерге сол үшін сыйлықтар бар сандығымнан. Қош болыңдар балалар! Тағы кездескенше".

Соңында балалаларға мадақтама және сыйлықтар беріледі.



